



DAVLAT TEST MARKAZI

Bilimingga ishon va muvaffaqiyatga erish!

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ УЎЗИРЛИК МЕКЕМЕСИНИЇ
МЕМЛЕКЕТТИК ТЕСТ ОРТАЛЫҒЫ

ЖАЛПЫ ОРТА ТЎЛИМ МЕКТЕПТЕРИ, АКАДЕМИК ЛИЦЕЙЛЕР
ЖЎНЕ ӨНЕР-КЎСИП КОЛЛЕЖДЕРИ
ОҚУШЫЛАРЫНЫЇ ЖАЛПЫ БИЛИМ БЕРЕТИН ПЎНДЕР БОЙЫНША
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА IV БАСҚЫШ
ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ҮШИН

ҚАЗАҚ ТИЛИ МЕН ӘДЕБИЕТ
ПЎНИНЕН
ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАР КИТАБИ

Қатысушының фамилиясы, аты-жөні

Қолы

101-вариант

© Davlat test markazi, 2022

Бұл тест варианты 30 (1-30) тест тапсырмасынан құралған.

Кітапшада жабық және ашық тест тапсырмалары бар. Тест тапсырмасы үшін ажратылған балл әр бір тест тапсырмасында көрініс тапқан.

Жабық түрдегі тест тапсырмаларында берілген төрт жауаптан бір ғана жауапты таңдау және жауаптар парақшасында таңдаған жауапқа сәйкес әріпті (А, В, С немесе D) тапсырма көрсеткішіне сәйкес қатарға жазу керек.

Ашық түрдегі тест тапсырмалары жауаптарын жауаптар парақшасындағы тапсырма көрсеткішіне сәйкес қатарға толық және анық жазу керек.

Сәйкестендіруді талап етуші жабық тест тапсырмалары үшін жалпы алты (А-Ғ) жауап варианттары берілген болып, үш тапсырмаға (28-, 29-, 30-тест тапсырмалары) бұл жауаптар арасынан сәйкес келетін бір дұрыс жауап таңдалады және жауаптар парақшасына белгіленеді.

1. [2,4 ball]
Қай қатарда дәстүрлі принципке сай дұрыс жазылған сөздер көрсетілгенін **анықта**.
А) қауіп, хыйқая, ащы
В) хабар, хайуанат, миоуа
С) қиуа, бәтіңке, қата
D) кейуана, хакім, қауіп
2. [2,4 ball]
Берілген сөйлемде үтірді неше рет қою қажет екенін **тап**.
Истейтін ісі жоқ ауырайын десе ауруы жоқ еріккен ханның ермегі ел болыпты.
А) үтір кездеспейді В) 3 рет С) 1 рет
D) 4 рет
3. [2,4 ball]
Берілген тіркестер құрамындағы сөздердің қай бірі тура мағынада қолданылып тұрғанын **анықта**.
А) терең ой В) терең сезім
С) терең білім D) терең құдық
4. [2,4 ball]
Берілген сөздердің қай біріне – *пейінше* жұрнағы жалғанатынын **анықта**.
А) жұмыс істе, көріс В) ақылдас, сөйле
С) тазала, кешір D) сөйлес, іш
5. [2,4 ball]
Қай сөздерге жоқ, емес сөздерін тіркестіру арқылы болымсыз егістік жасалатынын **анықта**.
А) айтқан, кешік В) жазар, қайтатын
С) сұрас, жоғалт D) ұмытып, жағалас
6. [2,4 ball]
Сөз тіркесінің құрамында басыңқы сыңары күрделі сөзден жасалған қатарды **анықта**.
А) бес жүзден астам қой
В) тарс етіп жарылу
С) көпір арқылы өту
D) күлімсіреп қарсы алу
7. [1,7 ball]
*«Ұл туды» деп ел шу етті,
Дүниеге бір бала келеді.
Отыз күндік мерекені,
Естен кетпес берекені,
Сол ауылға ала келеді».*
Берілген үзіндіде қайсы батырдың дүниеге келуі сөз болатынын **тап**.
А) Саржан батыр В) Толағай батыр
С) Кендебай батыр D) Қобыланды батыр
8. [1,7 ball]
Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы көтерілген негізгі мәселені **анықта**.
А) түркі халықтарының байырғы тұрмысы, әдет-ғұрпы, салт-санасын, ақындық дәстүрін таныту
В) алғашқы қауым адамдарының табиғаттың тылсым күшін, сыр-сипатын ұғыну
С) өмірдің мән-мағынасы жайлы толғау, оқу мен білімді мадақтау, адамгершілікке шақыру
D) ел басқаратын әкімдер мемлекетті дұрыс, әділ басқару керек

9. [1,7 ball]
- Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағын әсебелеп,
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.*
- Берілген үзіндіде қандай мәселе көтерілгенін **анықта**.
- A) ханды әділетсіздіктерден, озбырлықтардан қайтару
B) елді бірлікке, ынтымаққа шақыру
C) елді сыртқы жауға қарсы күреске үгіттеу
D) тозып кеткен елді бақ-дәулетті ету
10. [1,7 ball]
- Джек Лондан Мексика ұлы: «... Шынында да оның серіппедей бұлтылдаған шақпақ еттерінен дүледей күштің лебі есіп тұр еді. Аппақ терісі жып-жылтыр, ширақтық пен серпінділік, күш-қайрат тұла бойына сыймай тұрғындай».*
- Үзіндіде қайсы кейіпкер бейнеленгенін **тап**.
- A) Ривера B) Билл C) Роберт
D) Дэнни
11. [2,4 ball]
- Махсуд Шайхзада Ұлықбек таргедиясы:
Ұлыбек дұшпан әскерімен күресте аянышты халге түскеннен кейін, өзіне дұшпан деп білген Абудлатиф адамдарынан қандай серт беруін талап еткенін **анықта**.*
- A) бас уәзір лауазымын беруге
B) өзі бастаған игі жұмыстарды соңына жеткізуге
C) өзінен және туыстарынан кек алмауға
D) кітапхана мен кітаптарды сақтауға
12. [2,4 ball]
- Аш арыстан жолбарысым,
Ісімнің білдің оңбасын...*
- Берілген үзіндіде құбылтудың қай түрі берілгенін **анықта**.
- A) теңеу B) портрет C) поэтизм
D) метафора
13. [2,4 ball]
- «Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты».*
- Берілген үзіндіде қандай көркемдік тәсіл қолданылғанын **анықта**.
- A) Образ B) Мінездеу C) Прототип
D) Портрет
14. [2,4 ball]
- «Таң алдында салқын самал еседі. Таң алдында құстар әнін шырқайды. Жол бойында өскен әсүзім бейнебір ботаның көзіндегі, таң алдында мөлт-мөлт етіп көрінеді».*
- Берілген үзіндіде қандай көркемдік тәсіл қолданылғанын **анықта**.
- A) монолог B) пейзаж C) баяндау
D) диалог
15. [1,7 ball]
- Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарысымын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген.
Жер ерекесі – желдің жөнін кім сұрар?
Өлең жолдарында қандай көркемдік тәсіл қолданылғанын **анықта**.*
- Жауап: _____
- Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
16. [1,7 ball]
- Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ,
Қой мойынды қоян жасақ бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы майда жалды,
Ой желке үңірейген болса сағақ.*
- Берілген шумақ неше буын, неше бунақтан тұратынын **анықта**.
- Жауап: _____
- Назар аударыңыз!** Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.

17. [0,9 ball]
Берілген мысалдардан III жақта тәуелденген сөзге барыс септігі жалғанған сөздерді ажыратып **жаз**.
Мектепке, ағам, дәптерін, оқуына, жолға, бөлімінде, апасына, күніне, сөзіне, көзімнің.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
18. [1,7 ball]
Мағынасы жақын сөздерді **сәйкестендір**.
1) екі ойлы болу; 2) үш ұйықтаса түсіне кірмеу; 3) таяқ тастам жер;
4) табалдырығын тоздыру
а) қайта-қайта бару; б) бір шешімге келе алмау; с) жақын; d) солай болады деп ойламау; е) алыс; f) қуану.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
19. [1,7 ball]
Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен немесе заттанған есімшелерден жасалған жағдайда қандай тыныс белгімен ажыратылатынын **анықта**.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
20. [0,9 ball]
Берілген мысалдардан дерексіз зат есімдерді ажыратып **жаз**.
Адамгершілік, қағаз, мектеп, қуаныш, парасат, қалам.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
21. [0,9 ball]
Көп нүктенің орнына қай септеулікті қою қажет екенін **анықта**.
Досы ... жақсы әңгіме естігенге қуанды.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
22. [0,9 ball]
Асты сызылған сөздер арасынан дұрысын таңда.
Төрт құбыласы/ қабырғасы/ басы тең болсын
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
23. [0,9 ball]
Сөйлем мүшелерінің сызбасын көрсет.
Оқушылардың ең басты міндеті – жақсы оқу.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
24. [0,9 ball]
Асты сызылған сөздер арасынан дұрысын таңда.
Спортпен айналысқанына қараса/ қарағандықтан/ қарамастан, өз орнын басқа саладан тапты.
Жауап: _____
Назар аударыңыз! Жауаптарыңызды жауаптар парағына көшіріп жазыңыз.
25. [0,9 ball]
Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығына аласа боз қараған, тобылығы басқан.
Берілген үзіндіде көркемдүіш тәсілдің қай түрі берілгенін анықта.
А) суреттеу В) пейзаж С) портрет
D) теңеу

26.

[0,9 ball]

Мұхтар Әуезов «Көксерек»: Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә қарасын көрсеткенше ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге де соқтыға береді.

Берілген үзіндіде қай жануар туралы сөз болғанын тап.

А) түйе В) жылқы С) ит D) қасқыр

27.

[0,9 ball]

Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады.

Берілген үзінді қай шығармада, қай кейіпкердің атынан баяндалып тұрғанын тап.

- А) «Көксерек», Құрмаш атынан
 В) «Бір атаның балалары» Дәуренбек атынан
 С) «Менің атым Қожа», Қожа атынан
 D) «Қар күреген бала» Қажымұқан атынан

28-30.

Кестедегі мәліметтерден пайдаланып, 28-30- тест тапсырмаларына (А-Ғ) жауап варианттарын сәйкестендір.

Назар аударыңыз! Жауаптардың үшеуі артық.

Тапсырмалар	Жауаптар
<p>28. [1,7 ball] Берілген сөйлемдерден сызықша қойылуы тиіс болған сөйлемді анықта.</p>	<p>А) Екеуі қалың топтың арасына кірді. В) Сен неге осыншалықты әлсіз болып кеттің? С) Ана сұлулығы жүрегінен көрінеді. D) Жалғыз сенен айырылып, артынан өкіндім. E) Оның үстіне Әбіштің жолына ақша-пұл әзірлеу керек. F) Кісі көркі жүз, жүздің көркі көз, ойдың көркі тіл, тілдің көркі сөз.</p>
<p>29. [1,7 ball] Қай сөйлемде синонимдер сөздер қолданылғанын анықта.</p>	
<p>30. [1,7 ball] Қай сөйлемде етістікке жіктік жалғауының III жақ қосымшасы жалғанған сөз берілгенін анықта.</p>	